**Қарағанды қалалық мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы № 426 шешіміне "Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қарағанды қалалық мәслихатының 2023 жылғы 25 мамырдағы № 32 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 26 мамырда № 6419-09 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2025 жылғы 28 мамырдағы № 264 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 28.05.2025 № 264 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қарағанды қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарағанды қалалық мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы №426 "Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5454 тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төраға* *А. Букенов*

Қарағанды қалалық
мәслихатының
2023 жылғы 25
мамырдағы
№ 32
шешіміне қосымша
Қарағанды қалалық мәслихатының
2019 жылғы 23 тамыздағы
№ 426 шешіміне 2-қосымшасы

**Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі**

| № | Атауы |
|---|---|
| 1. | Ұлы Отан соғысының ардагерлері (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 2. | Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер (жергілікті |

| | |
|---|---|
| | атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 3. | Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 4. | 1 және 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар ( жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 5. | Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 6. | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-14 бұйрығымен бекітілген аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26830 тіркелген) ( жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 7. | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 8. | Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 9. | Қандастар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 10. | Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 11. | "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ І және ІІ дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 12. | Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары ( жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 13. | Толық емес отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК